

## **2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 51-18 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қаңтарда № 5932 болып тіркелді.

**Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 9-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1, 75-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Ақжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес 2020 жылға сәйкес келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 21 664 мың теңге:

салықтық түсімдер – 6 004 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 15 660 мың теңге;

2) шығындар – 29 753 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтері операциялары бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -8 089 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 8 089 мың теңге:

қарыздар түсімі – 8 089 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 23.04.2020 № 56-5 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен ; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 19.11.2020 № 64-13 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне сәйкес мынадай салық түсімдері есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген жеке тұлғалардың өзін-өзі бағалауына жататын кірістерге салынатын жеке табыс салығы:

жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағында орналасқан осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлік салығы;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан елді мекендер жерлеріне жер салығы;

4) көлік құралдары салығы:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жеке тұлғалардан;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілген тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан;

5) сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс ашық кеңістікте.

3. Ауылдық округ бюджетінің 2020 жылға арналған кірісі келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасуы белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

2) жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін кірістер:

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының шешімімен құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінен) түсетін басқа да кірістер;

4) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджетінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша негізгі капиталды сатудан аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін түсімдер болып табылатыны белгіленсін.

5. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен берілетін трансферттер аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін трансферттер түсімдері болып табылады.

6. 2020 жылға арналған ауылдық округтің бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы трансферттердің түсуі ескерілсін.

Көрсетілген республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу " 2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Ақжар аудандық мәслихатының шешімін жүзеге асыру туралы" Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округі әкімінің шешімімен айқындалады.

6-1. Осы шешімге 2 қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен 2020 жылға арналған шығыстар түсімдері ауылдық округінің бюджеті есепке алынсын.

"2020-2022 жылдарға арналған Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Ақжар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 06 қаңтар №51-18 шешімін іске асыру туралы" ішкі қарыздар қаражатынан облыстық бюджеттен берілген кредиттер есебінен бюджеттік кредиттер сомасын бөлу айқындалады.

**Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 23.04.2020 № 56-5 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7. 2020 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен округ бюджетіне берілетін субвенция көлемі 11 660 мың теңге сомасында көзделгендігі ескерілсін.

8. 2020 жылы бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақының толық көлемде төленуі қамтамасыз етілсін.

9. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақжар аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Ақжар аудандық  
мәслихат хатшысы

А.Копеев

А.Хоршат

Ақжар аудандық мәслихаттын  
2020 жылғы 06 қаңтардағы  
№ 51-18 шешіміне  
1 қосымша

**Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің 2020 жылға арналған бюджеті**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 23.04.2020 № 56-5 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 19.11.2020 № 64-13 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			1)Кірістер	21664
1			Салықтық түсімдер	6004
	01		Табыс салығы	3884
		2	Жеке табыс салығы	3884
	04		Меншікке салынатын салықтар	2120
		1	Мүлікке салынатын салықтар	20
		3	Жер салығы	100
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2000
4			Трансферттер түсімі	15660
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	15660
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	15660
Атауы				Сомасы мың теңге
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			2) Шығыстар	29753
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15500
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15500
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15500
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	14253

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14253
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1468
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4320
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	376
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	8089
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5)Бюджет тапшылығы (профициті)	-8089
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	8089
Санаты			Атау	Сомасы, мың тенге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
07			Қарыздар түсімі	8089
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	8089
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	8089
08			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

2020 жылғы 6 қаңтардағы № 51-18 шешіміне 2  
-қосымша

## Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің 2021 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың тенге
			1)Кірістер	17401
1			Салықтық түсімдер	5649
	01		Табыс салығы	3472
		2	Жеке табыс салығы	3472
	04		Меншікке салынатын салықтар	2177
		1	Мүлікке салынатын салықтар	25
		3	Жер салығы	105
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2047
4			Трансферттер түсімі	11752
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	11752
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	11752

кестенің жалғасы

Атауы				Сомасы мың теңге
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			2) Шығыстар	17401
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15156
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15156
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15156
07			Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	2245
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2245
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1510
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	348
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	387
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
08			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

2020 жылғы 6 қаңтардағы № 51-18 шешіміне 3  
-қосымша

**Ақжар ауданы Ұялы ауылдық округінің 2022 жылға арналған бюджеті**

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
			1) Кірістер	17830
1			Салықтық түсімдер	5763
	01		Табыс салығы	3513
		2	Жеке табыс салығы	3513
	04		Меншікке салынатын салықтар	2250
		1	Мүлікке салынатын салықтар	30
		3	Жер салығы	120
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2100

4			Трансферттер түсімі	12067
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	12067
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	12067

### кестенің жалғасы

Атауы				Сомасы мың теңге
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			2)Шығыстар	17830
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	15308
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15308
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15308
07			Тұрғынүй-коммуналдықшаруашылық	2522
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2522
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	1540
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	387
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	395
		011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	200
			3)Таза бюджеттік кредиттеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5)Бюджет тапшылығы (профициті)	0
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы мың теңге
08			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	0
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0

Ақжар аудандық маслихаттың 2020 жылғы 06 қаңтардағы № 51-18 шешіміне 4 қосымша

## Облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен 2020 жылға арналған шығыстар

Ескерту. Шешім 4-қосымшамен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар аудандық мәслихатының 23.04.2020 № 56-5 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Функционалдық топ		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	
	Бағдарлама	
	3) Таза бюджеттік кредиттеу	9000
	Бюджеттік кредиттер	9000
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	9000
124	Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9000
	088 Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	9000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК